



СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ ҮЙІРМЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

**Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің "Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі
тану" кафедрасы**

Жалпы ережелер

«Тұлға дамуының педагогикалық-психологиялық мәселелері» деп аталатын студенттердің ғылыми үйірмесі (бұдан әрі – CFY) – Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің "Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану" кафедрасының «6B01103-Педагогика және психология», «6B01823-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» бағыты студенттері мен профессор-оқытушылар құрамы өкілдерінің бастамасымен құрылған бірлестік.

CFY "Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану" кафедрасының жанынан оқу жылы бойы оқудан тыс уақытта жұмыс істейді.

CFY - студенттерді ғылыми қызметке тартуға, ғылыми бағытты таңдау, ғылыми отырыстар өткізуге, студенттік ғылыми конференцияларға қатысуға, баяндамалар тыңдап және оларды талқылауға қолдау жасайтын студенттердің ғылыми қызметін ұйымдастыру формасы.

2. «Тұлға дамуының педагогикалық-психологиялық мәселелері» студенттердің ғылыми үйірмесінің мақсаты мен міндеттері

2.1 «Тұлға дамуының педагогикалық-психологиялық мәселелері» атты студенттердің ғылыми үйірмесінің мақсаты:

2.1.1 1-4 курс студенттерін заманауи педагогика және психология, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту аясындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту;

2.1.2 студенттік ғылыми жұмыстарды республикалық деңгейдегі ғылыми конкурстарға, студенттік ғылыми конференцияларға қатысуға дайындауға көмек көрсету.

2.2 «Тұлға дамуының педагогикалық-психологиялық мәселелері» атты студенттердің ғылыми үйірмесінің міндеттері:

2.2.1. Ғылыми үйірме отырыстарын өткізу және заманауи мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мәселелерін талқылау;

2.2.2. Студенттерді ғылыми-зерттеу жұмыстарды жүргізу әдістеріне үйрету;

2.2.3. Нақты тақырыптар бойынша студенттердің ғылыми жұмыстарын үйірме мәжілістерінде тыңдау және талқылау ;

2.2.4 Студенттердің ғылыми конференцияларға, үздік ғылыми жұмыс конкурстарына және ғылыми семинарлар өткізуге белсенді қатысуын қамтамасыз ету;

2.2.5. Студенттердің ғылыми шығармашылыққа деген қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен ғылыми дербестігін дамыту.

3. СҒҮ ұйымдастыру жұмыстары

3.1. СҒҮ қызметін СҒҮ- сі жетекшісі және СҒҮ-нің ғылыми жетекшісі (ғылыми жетекшілері) ұйымдастырумен айналысады.

3.2. СҒҮ-нің ғылыми жетекшілігін кафедра меңгерушісі ұсынған кафедра оқытушысы жүзеге асырады.

3.3 Студенттік ғылыми үйірменің ғылыми жетекшісі:

3.3.1 СҒҮ отырыстарын ұйымдастырады;

3.3.2 үйірменің оқу жылына арналған жұмыс жоспарын дайындайды және оны кафедра меңгерушісіне бекітуге ұсынады;

3.3.3 үйірме төрағасының кандидатурасын таңдап, оны үйірме отырысында бекітуге ұсынады;

3.3.4 студенттердің орындаған жұмыстарын үздік ғылыми жұмыс конкурстарына қатысу үшін іріктейді және оларды конкурстың кафедралық кезеңіне ұсынады;

3.3.5 студенттердің ғылыми үйірмесін ұйымдастыру жұмыстарын орындау және қызметін есепке алу үшін студенттер арасынан үйірме төрағасы сайланады.

3.4 Студенттік ғылыми үйірменің төрағасы:

3.4.1 СҒҮ-нің ғылыми жетекшісімен бірлесе отырып СҒҮ-нің жоспарын дайындайды;

3.4.2 үйірме мәжілістеріндегі баяндамалардың дайын болуын қамтамасыз етеді;

3.4.3 университетте, кафедрада ұйымдастырылатын ғылыми іс-шаралар туралы ақпаратпен үйірме мүшелерін хабардар етеді;

3.4.5 ғылыми үйірме жетекшісіне студенттердің ғылыми үйірменің оқу жылында атқарылған қызметі туралы есеп беруге көмектеседі.

3.5 СҒҮ құрамына:

- СҒҮ-нің ғылыми жетекшісі (жетекшілері) - СҒҮ ұйымдастырылған кафедраның оқытушысы (оқытушылары);
- СҒҮ төрағасы, СҒҮ отырысында осы лауазымға сайланған СҒҮ мүшесі болып табылатын студент;
- СҒҮ тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу қызметіне еркін түрде қатысуға ниет білдірген студенттер СҒК мүшелері болып табылады.
- СҒҮ жетекшісін кафедрадағы СҒҮ-нің ғылыми жетекшісі тағайындайды және ол СҒК-ның ұйымдастыру жұмысы үшін оның алдында жауапты болады.

3.6 СҒҮ отырысы айына кемінде бір рет өткізіледі.

3.7. СҒҮ отырыстары әртүрлі формада (баяндамаларды талқылау, ғылыми семинар және т.б.) ұйымдастырылуы мүмкін. Отырыс соңында СҒҮ отырысының хаттамасы жасалады.

3.8 СҒҮ мәжілісіне үйірме мүшелері, университет факультеттерінің және басқа ЖОО студенттері қатысып, баяндама жасай алады.

Кафедра меңгерушісі



Слаамбекова Т.С.

СҒҮ-ның ғылыми жетекшісі



Албытова Н.П.

Студенттің ғылыми жетекшісі



Махадиева А.К.